

 сақтандыру компаниясы <b>ВИКТОРИЯ</b> страховая компания	Өзге қаржылық залалдардан ерікті сақтандыру ережесі	13.03.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 1-ші бет
--	---	--	--------------------

**БЕКІТІЛДІ**  
**«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі**  
**2025 жылдың «13» наурыз № 07 Хаттама**

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ  
ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЗАЛАЛДАРДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қ., 2025 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІ .....	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА .....	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГЛЕУ ТӘРТІБІ .....	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ .....	7
6. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕГІ ҮЗІЛІСТІ САҚТАНДЫРУ ....	8
7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ .....	11
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ .....	13
9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	14
10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ .....	14
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	16
12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	17
13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	17
14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ .....	19
15. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....	21
16. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ .....	21
17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ .....	21
18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	21

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес өзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізуудің экономикалық және үйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Осы Ережелердің шарттарымен «Виктория» Сақтандыру компаниясы АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - Сақтандыруши) нақты өндірістік-шаруашылық қызмет атқарып жатқан заңды тұлғамен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Өзге қаржылық залалдардан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы өзге қаржылық залалдардан ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде заңды тұлға болып табылатын Сақтанушыны қайта құрылымдаған жағдайда осы Сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушиның келісімімен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіpte тиісті құқықтық мирасқорына өтеді.

1.4. Сақтанушы болып табылмайтын тұлғаны өзге қаржылық залалдардан сақтандыру шарты немесе өзге тұлғаны (Пайда алушының) пайдасына жасалған Шарт жарамсыз болып табылады.

1.5. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін өзге шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.6. О Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру үйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындастын құжат;

2) Сақтандыруши – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) қолемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандыруши – сақтандыру үймындағы шарттың төлемінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

3) Сақтанушы – Сақтандырушимен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

4) Сақтандырылуши –соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

5) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушиның жауапкершілігінің шекті қолемін білдіретін ақша сомасы;

7) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушины белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандыруши франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

8) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандыруши сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

9) Сақтандыру мүддесі – Сақтанушының сақтандыру объектісін сақтаудағы материалдық қызығушылық шамасы. Табысты алмау тәуекелін (жіберіп алған олжа) сақтандырган кезде сақтандыру мүддесі – бұл Сақтанушының аталған табысты алудағы заңға негізделген мүддесі.

10) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылған жатқан оқиғада оның басталуына кездейсоқтық және ықтималдық белгілері, сондай-ақ Сақтанушы үшін оның салдарында зияндылық болуы тиіс. Сақтандыру жағдайы ретінде Сақтандыру шартында көрсетілген оқиға мен Сақтанушыға келген залалдардың арасында тікелей себеп-салдарлық байланыс болуы қажет.

- 11) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 12) сақтандыру полисі – Сақтандырушы біржақты тәртіпте өзірлеген үлгілік шарттарға (сақтандыру ережелері) Сақтанушыны қосу құжаты (қосу шарты);
- 13) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі сипатталған және тәуекел сипаты баяндалған, жазбаша рәсімделген құжаты;
- 14) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленген шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында жасалған Шарт, соған сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 15) сақтандырылған тәуекелдер – Сақтандыру шартында көрсетілген ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар, олардың кенеттен басталуы Сақтанушының (Сақтандырылуышының, Пайда алушының) залалдарына экеп соқтыруы мүмкін ықтимал оқиғалар;
- 16) контрагент – Сақтанушы сонымен азаматтық-құқықтық Шарт жасасқан тұлға.
- 17) азаматтық-құқықтық Шарт (өзарашарт) – Сақтанушы мен Контрагент арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған мәміле (Сақтандыру шартын қоспағанда, сатып алу-сату, жалдау, жалға алу, мердігерлік, тасымалдау, қарыз және т.б.);
- 18) міндеттемелерін бұзу – борышкердің міндеттемелерін орындамау немесе лайықты орындамау түріндегі жағымсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
- 19) азаматтық-құқықтық міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапкершілік – заңнамамен немесе Сақтандыру шартымен көзделген Сақтанушының жүктелген міндеттемелерін бұзған Контрагентіне қолданылатын және бұзудан туындаған Сақтанушының мүліктік жоғалтуларын өтейтін өндіріп алу немесе мүлікке ауыртпалық қою;
- 20) Сақтанушыға байланысты емес мән-жайлар бойынша қаржылық-шаруашылық қызметтің шарттарын өзгерту – еңсерілмейтін күштер – дүлей апаттар жағдайының (жер сілкінісі, су тасқыны, жойқын жел, эпидемия, өрт және т.с.с), сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызметке қатысушылардың субъективті мүмкіндіктеріне байланыс жоқ өзге де жағдаяттардың (соғыс, саяси өзгерістер, заңнамалардағы өзгерістер, ереуілдер, жеткізушілердің, қуатпен қамсыздандыратын және көлік ұйымдарының міндеттемелерін бұзуы, нарықта бағалардың кенеттен өсуі немесе төмендеуі, биржа бағамының кенеттен ауытқулары және т.с.с.) салдарынан туындаған өзгерістер;
- 21) залалдар – құқығы бұзылған Сақтанушыдан шыққан немесе шығуы тиіс болған шығыстар, немесе қаржылық-шаруашылық қызметтің шарттары өзгеруінің нәтижесінде оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты залал), сондай-ақ жіберіп алған олжа.
- 22) жіберіп алған олжа – Егер Сақтанушының құқықтары бұзылмаған болғанда немесе қаржылық-шаруашылық қызметінің шарттары өзгермеген болғанда Сақтанушы қаржылық-шаруашылық қызметінен әдеттегі айналым шарттарымен алатын болған, бірақ алмай қалған түсімдер (жемістер, өнімдер, табыстар) немесе өзге де мүліктік иғліктер;
- 23) залалды өтеу – сақтандырумен өтелген қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың нәтижесінде Сақтандырушының Сақтанушыға залалды толығымен немесе ішінара өтеуі;
- 24) борышкер – Сақтанушымен Сақтандыру шарты бойынша бір тарап болып табылатын, Сақтанушының пайдасына белгілі бір әрекеттерді жасауға міндетті тұлға;
- 25) құзырлы органдар – өз құзыреттерінің шенберінде, басталған сақтандыру жағдайын зерттеуге байланысты қажетті әрекеттерді қолдануға уәкілетті мемлекеттік органдар (сот, полиция, тергеу органдары, жауап алу органдары, ТЖА, өрт инспекциясы, азаматтық қорғаныс және басқалар секілді);
- 26) нарықтық құн – мәміленің Тараптарының қолында объектіні бағалау туралы барлық қолжетімді ақпараттар болған кезде және төмендегідей жағдайларда, бірақ мәміленің бағасында қандай да бір төтенше жағдайлар көрсетілмеген болса, аталған объект бәсекелестік шарттарымен жасалатын мәмілелердің негізінде адалануы мүмкін ең ықтимал баға:
- а) Тараптардың бірі бағалау объектіні адалауға міндетті емес, ал екінші Тарап оны сатып алуға міндетті емес;
- б) мәміленің Тараптары мәміленің мәні туралы жақсы хабардар және өз мүдделеріне сәйкес әрекет етеді;
- в) мәміленің бағасы бағалау объектінің ақшалай сыйақысының баламасын білдіреді;

г) мәміленің бағасы бағалау объекті үшін ақшалай сыйақының баламасын білдіреді және мәміленің тараптарына қатысты мәміле жасауға біреудің тарапынан мәжбүрлеу болмаған.

27) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.7. Сақтанушының заңға қайшы мұдделері сақтандырылмайды.

1.8. Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартындағы және/немесе сақтандыру туралы етініш-саулнамадағы қолтаңбасы оның осы Ережелермен толық келісімін раставиды. Сақтандыру полисін рәсімдеген жағдайда Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлегені – осы Ережемен толық келіскеңін раставиды.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

2.1. Сақтанушының жұмысын жоғалтуға, табысын жоғалтуға, жағымсыз табиғат құбылыстарына, үздіксіз, күтілмеген шығыстарға, нарықтық құнының жоғалтуына, Контрагенттің Сақтанушының алдындағы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына/лайықты орындамауына және қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруының нәтижесінде келген өзге залалдарға байланысты мүліктің мүддесі – Қаржылық залалдарды сақтандыру шартының объекті болып табылады.

2.2. Осы Ереже бойынша келесілер сақтандырылмайды:

1) Ипотекалық тұрғын үй қарызы туралы шарт бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындамауына байланысты залалдардың туындау тәуекелі, ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша кепілге қойылатын мүлік ретінде пайдаланылған тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда;

2) Сақтанушының барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаларға келген залалды өтеу міндетіне байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне туындау тәуекелі;

3) Сақтанушының (қарыз алушының) кредиторлардың алдындағы міндеттемелерін орындамауының нәтижесінде кредиторлардың залалдарының туындау тәуекелі;

4) кепілдік немесе кепілдеме берген тұлғаның орындалған кепілдікті немесе кепілдемені орындау міндетінің нәтижесінде залалдарының туындау тәуекелі.

## 3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

3.2. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Әр сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының шекті мөлшері Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

3.3. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасаған сәттегі Шарт (өзарашарт) бойынша Сақтанушының алдындағы Контрагенттің міндеттемелерін ақшалай бағалаудан белгіленетін сақтадыру құнынан, сондай-ақ Контрагенттің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының/лайықты орындамауының нәтижесінде Сақтанушының табыстарын жоғалтудың ықтимал көлемінен аспауы қажет.

3.4. Сақтандыру шартында келесілер белгіленуі мүмкін:

1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының қолданыс кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің ортақ шекті көлемі;

2) әр және бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасы;

3) әр сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру жағдайларының тобы бойынша сақтандыру сомасы ;

4) сақтандыру сомаларының басқа тұрлери.

3.5. Сақтандыру сомасының мөлшерін белгілеу кезінде Сақтандырушы Сақтанушының қаржылық-шаруашылық қызметінің түрі мен ерекшеліктерін, Сақтанушы мен оның контрагенттерінің арасында жасалған өзарашарттар бойынша міндеттемелерінің көлемін, Сақтанушының контрагенттерінің өз міндеттемелерін орындамауына/лайықты орындамауына байланысты оларды орындаудың мүмкіндігін, Сақтанушының табысын жоғалту түріндегі залалдарының ықтимал көлемін және қаржылық залалдардың сомасын ескереді.

3.6. Сақтандырушы сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтанушы өз қызметінің Сақтандыру шартын жасаған күннің алдындағы соңғы он екі айында алған табысының мөлшері туралы немесе Сақтанушы

бір жылға қарағанда өзінің қаржылық-шаруашылық қызметінің басқа кезеңінде алған табысының орташа мөлшері туралы қуәландыратын Сақтанушының бухгалтерлік есебі деректерінің және басқа есептік құжаттарының негізінде айқындайды.

3.7. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартын жасаған сәтте қандай да бір қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асырып жатқан жоқ болса, онда Сақтандырушы ықтимал залалдың мөлшерін Сақтанушының бизнес-жоспарының, саясатының және болжалданған табыс айтылған басқа құжаттардың негізінде айқындайды.

3.8. Сақтандыру шартында төмендегідей шығындарды өтеу қарастырылуы мүмкін:

- 1) залалдарды өндіріп алу туралы істер бойынша сот шығындары;
- 2) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту бойынша барлық негізделген шығыстар.

3.9. Өндірістегі үзілістен келетін залалдарды сақтандыру бойынша сомасы Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде оның негізгі қызметінен келетін залалдардан, оның ішінде Сақтанушы әдеттегі қызметінің шарттарында алу мүмкін болған, бірақ ала алмай қалған табыстарынан (жіберіп алған олжа) артпауы тиіс.

3.10. Кредиттік тәуекел бойынша сақтандыру сомасы кредиттік Шарт бойынша қайтарылуы тиіс берешек сомасына қарай белгіленеді.

3.11. Өзге тәуекелдер бойынша сақтандыру сомасы ықтимал нақты залалдың мөлшерінен аспауы тиіс (егер Сақтандыру шартымен қарастырылған болса – алмаған пайдасының ықтимал мөлшерін есепке ала отырып).

3.12. Сақтандыру шартымен франшиза белгіленеді. Тараптардың келісімімен франшиза не сақтандыру сомасына шаққандағы пайызбен, не абсолютті мөлшерде белгіленеді. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

3.13. Сақтандыру шартында франшизадан өзге нәрселер, Сақтанушының сақтандыру жағдайымен келтірілген залалды өтеуіне қарастырылуы мүмкін.

#### **4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ**

4.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетілетін сақтандыру тәуекелдерінің түрлерінің жиынтығына, сақтандыру сомасына, Сақтанушы жүзеге асырып жатқан қаржылық-шаруашылық қызметтің шарттары мен түріне және сақтандыру мерзіміне қарай айқындалады.

4.2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сақтандыру шарттарында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әр сақтандыру объекті мен әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тиіс мөлшерді айқындау кезінде Сақтандырушы сақтандыру факторларына: Сақтанушының қызметінің түріне, орналасқан жеріне және т.с.с. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттерді пайдалануға құқылы.

4.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіpte төлейді.

4.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу Сақтандыру шартын (Тараптарға хабарламай-ак) автоматты түрде тоқтатуға әкеп соқтырады. Бұл орайда Сақтандыру төлеген сақтандыру сыйлықақысының бөлігі оған қайтарылмайды.

4.6. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0

3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.7. Егер Сақтандыру шартында сақтандыру сомасын бөліп төлеу қарастырылған болса, Сақтандыру шартында кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген мерзімдерде төлемеудің салдары, оның ішінде Сақтандыру шартын мерзімінен бұзын бұзу белгіленуі мүмкін.

4.8. Егер сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру жарнасын кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге (сақтандыру сыйлықақысын) дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын сақтандыру төлемінен шегеріп қалуға құқылы.

4.9. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы Сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданылған және Сақтандырушы Сақтанушының алдында өз міндептемелері бойынша жауап беруі тиіс болған кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндептінен азат етпейді.

4.10. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде уақытылы төлемеген жағдайда Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қолданысының әрекетін Сақтандырушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілген күннен кейінгі күні біржакты тәртіpte уақытша тоқтатады. Бұл орайда Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының қолданысы уақытша тоқтатылған кезеңде оны алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершілікте болмайды.

4.11. Сақтандыру қорғанысының әрекетін уақытша тоқтату Сақтанушыны сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуден азат етпейді.

## 5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушы қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде төменде көрсетілген оқиғалардың (бір немесе бірнеше оқиғаның жиынтығында) нәтижесінде қаржылық залалдардың туындау факті – сақтандыру жағдайы деп танылады:

**1) төменде көрсетілгендердің салдарынан өндірістік үдерістің мәжбүрлі тоқтатылуы немесе оның колемінің қысқаруы себебінен Сақтанушының табысын жоғалтуы:**

- а) мұлікті жоғалту (оның жойылуы) немесе закымдануы;
- б) техногендік сипаттағы апат;
- в) төтенше және еңсерілмейтін жағдайлар.

**2) жағымсыз табигат құбылыстары:**

- а) жер сілкінісі;
- б) дауыл, боран, сұрапыл жел, құйын;
- в) су тасқыны;
- г) цунами;
- д) сел.

**3) үздіксіз шығыстар:**

- а) егер Жалға алу, жалдау шартының немесе басқа ұқсас Шарттардың талаптары бойынша жалдау төлемдерін жалға алынған мұліктің зақымдану фактіне қарамай, жалға алушы төлеуі тиіс болған жағдайда, Сақтанушы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесінде табыс алу мақсатында жалға алған жайларды, жабдықтарды немесе басқа мұліктер үшін төлем;

	Өзге қаржылық залалдардан еркіті сақтандыру ережесі	13.03.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 8-ші бет
---	---	--	--------------------

б) қаржылық-шаруашылық қызметінің айналымына және нәтижелеріне қарамастан, төленуі тиіс салықтар мен алымдар (мұлік салығы, жер салығы және т.б.);

в) сақтандыру жағдайының салдарынан тоқтап қалған қызмет саласын инвестициялау үшін қаражаттар сақтандыру жағдайы басталғанға дейін тартылған болса, кредиттер немесе басқа да тартылған қаражаттар бойынша пайыздар.

**4) күтілмеген шығындар** - өндірістік үдеріс мәжбүрлі тоқтатылған немесе оның көлемі қысқаған кезеңде қаржылық-шаруашылық қызметті қалпына келтіру бойынша Сақтанушының шығындары, атап айтқанда тоқтатылған қызметті залалдар келуден бұрын болған көлемде қысқа мерзімде қайта қалпына келтіру үшін Сақтанушыдан шыққан шығындар.

**5) төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде мүліктің нарықтық құнын жоғалту:**

а) нарықтың конъюктурасын өзгерту;

б) зақымданған мұлікке жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

**6) Контрагент төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде азаматтық-құқықтық Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаамауы немесе лайықты орындаамауы:**

а) өрт, жарылыш, апат (бұл оқиғалар сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланыста болуға тиіс;

б) еңсерілмейтін күштер жағдайы;

в) Контрагенттің банкроттығы, оны тарату;

г) үшінші тұлғалардың заңға айшы әрекеттері (ұрлау, тонау, қарақшылық, бұзақылық), олардың жузеге асырылған факті сот тәртібінде белгіленуі тиіс.

5.2. Сақтандыру жағдайының нақты тізімі Сақтандыру шартында көрсетілетін Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

## **6. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕГІ ҮЗІЛІСТИ САҚТАНДЫРУ**

6.1. Егер сақтандыру жағдайының басталуы Сақтанушының еркіне байланысты басталмаған болса және төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде басталған болса, Сақтанушының коммерциялық және коммерциялық емес қызметтегі үзіліс – сақтандыру жағдайы болып табылады:

1) мүліктің зақымдануы (оның ішінде жойылуы, бұзылуы) оның ішінде Сақтандырушы коммерциялық (және) немесе коммерциялық емес қызметтің пайдаланатын машиналар мен механизмдерінің зақымдануы (бұдан әрі мәтін бойынша – мүліктің зақымдануы);

2) Сақтанушының контрагенттерінің өз міндеттемелерін орындаамауы (лайықты орындаамауы);

3) дүлей апattар, басқа да еңсерілмейтін күштер;

4) Сақтандыру шартында көзделген басқа оқиғалар.

6.2. Егер Сақтанушының Сақтандыру шартында көрсетілген қызметі толығымен немесе ішінara тоқтатылған болса, коммерциялық және коммерциялық емес қызметтегі үзіліс басталған деп саналады.

6.3. Егер төменде көрсетілген мүліктердің зақымдануы салдарынан орын алған болса, сақтандырылған қызметтегі үзіліс – сақтандырылған жағдай деп саналады:

1) акциялар, облигациялар және басқа бағалы қағаздар;

2) қолжазбалар, фотосуреттер, негативтер, жоспарлар, сұлбалар, сыйбалар, бухгалтерлік және іскери кітаптар, сондай-ақ солардағы және басқа құжаттардағы ақпараттар;

3) модельдер, макеттер, үлгілер, формалар және т.с.с.;

4) сым, құйма, құм, сомтума түріндегі бағалы және сирек жер металдары және бедерленбеген және жиектемесіз асыл тастар;

5) маркалар топтамасы, монеталар, ақша белгілері, бондар және басқа топтамалар, сондай-ақ суреттер, картиналар, мұсіндер, сондай-ақ кез келген басқа өнер туындылары;

6) қару-жарақтар мен оқ-дәрілер;

7) аяқталмаған құрылышы нысандары;

8) жануарлар және ауыл шаруашылығы дақылдары;

9) пайдалану мерзімі немесе сату мерзімі өтіп кеткен тауарлар.

6.4. Егер Сақтанушының құқығы бұзылмаған болса (жіберіп алған олжа), Сақтандырылған қызметтегі үзілістен келген, Сақтандырушы Осы ережеге сәйкес өтеуі тиіс залалдарға Сақтанушы азаматтық

айналыстың әдептегі шарттарында алатын болған, бірақ ала алмай қалған табыстар, сондай-ақ нақты залал кіреді.

6.5. Осы бөлімге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы Сақтанушының сақтандырылған қызметіндегі үзіліс кезеңінде шығарған ағымдағы (тұрақты) шығыстарын да, атап айтқанда сақтандырылған қызметі бойынша Сақтанушы үзіліске дейін 12 айлық кезеңде сақтандырылған қызметін жүзеге асыруына байланысты шығарған шығындардан шығындарды, Қызметінің көлемін өзгертуге байланысты болмаған, сондай-ақ құрамы мен көлемі бойынша ерекшеленетін (немесе азғана ерекшеленетін) шығындарды және Сақтанушы қысқа мерзімде үзіліске үшіраған қызметін сақтандыру жағдайы басталғанға дейін тікелей болған көлемде қайта қалпына келтіру үшін сақтандыру қызметінде үзіліс кезеңінде шығындарын сөзсіз шығаруды жалғастырып жатқан шығындарды өтейді.

6.6. Сондай шығындарға атап айтқанда мыналар жатады:

- 1) Сақтанушы өзінің сақтандырылған қызметі үшін жалға алынған жайлардың, жабдықтардың немесе өзге мүліктердің жалдау ақысын төлеу, егер Жалға алу, жалдау шарттарының немесе соған үксас шарттардың талаптарына сәйкес жалға алынған мүлік зақымданған фактіне қарамастан, жалдау төлемдерін жалға алушы төлеуі тиіс болса;
- 2) сақтандырылған қызметтің айналымы мен нәтижелеріне қарамастан төленуі тиіс салықтар мен алымдар, атап айтқанда мүлік салығы, жер салығы, тіркеу алымдары, лицензия үшін төлемдер және т.б.;
- 3) кредиттер немесе басқа тарсылған қаражаттар бойынша пайыздар, егер ол қаражаттар сақтандыру жағдайының басталуының салдарынан үзіліп қалған сақтандырылған қызмет саласында инвестиция үшін сақтандыру жағдайы басталғанға дейін тартылған болса;
- 4) оларға қатысты келісімді енбекақы төлеу жүйесі қолданылатын қызметкерлерді қоспағанда, Сақтанушының штаттағы қызметкерлеріне негізгі жалақы және азаматтық-құқықтық Шарттар бойынша жұмылдырылған қызметкерлерге сыйақылар төлеуге бөлінген шығындар;
- 5) зейнетакы қорына, міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына және Сақтандыру шартында көрсетілген өзге қорларға міндетті аударымдар немесе жалақы төлеуге байланысты Сақтанушыда туындаитын салықтарды төлеу;
- 6) Сақтанушының кәсіпорындары үшін белгіленген нормалар бойынша амортизациялық аударымдар.

6.7. Сақтанушының келесідей шығындары өтелмейді:

- 1) қосымша құн салығы, пайда салығы, акциздер, кеден баждары және Сақтанушының сақтандырылған қызметінің айналымы немесе қаржылық нәтижесі – салық салу обьекті болып табылатын басқа салықтар (түсім, табыс, пайда);
- 2) Сақтанушының сақтандырылған қызметінің көлемін өзгертуге байланысты материалдық шығыстарды төлеу бойынша шығындар – ауыспалы шығындар (шикізат, материалдар, жартылай фабрикattар, арзан және тез тозатын заттарды, өнімдер мен тауарларды, жанармай, қосалқы бөлшектер, тара және т.с.с. сатып алуға);
- 3) айналым немесе лицензиялық сатылымдар көлемі және авторлық сыйақылар, сондай-ақ өнертапқыштарға сыйақылар негізінде төленетін шығындар;
- 4) Сақтанушының сақтандырылған қызметіне тікелей қатынасы жоқ операциялар бойынша шығындар, сондай-ақ сондай операциялардан түскен табыс;
- 5) Сақтанушы өзі жасаған шарттарға (өзарашарттарға) сәйкес өзінің шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе лайықты орындағаны үшін төлеуге міндетті тұрақсыздық төлемдері, айппулдар, өсімақылар, оның ішінде мерзімінде жеткізбегені, тауарды әзірлеуді кешіктіргені, қызмет көрсеткені немесе басқа да үксас міндеттемелері үшін, егер олар:
  - а) ондай орындау сақтандырылған қызметінде үзіліс туындауының тікелей салдарынан болған болса;
  - б) шарттарда (өзарашарттарда) көзделген санкциялар сақтандырылған қызметте үзіліс басталғаннан кейін күшіне енген болса.

6.8. Төмендегідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандырылған қызметтегі үзілістен келген залалдарды өтемейді:

- 1) сақтандырылған қызметте үзіліс болған уақытта төтенше және еңсерілмейтін сипаттағы оқиғалар басталса, оның ішінде ереуілдер, халық толқулары, әскери әрекеттер және т.б. (форс-мажор) және өндірісте үзіліс кезеңін – сондай оқиғалардың басталуы өндірістегі үзілістен залалдың артуына әкеп соқтырған шамада арттыратын оқиғалар;

	Өзге қаржылық залалдардан еркіті сақтандыру ережесі	13.03.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	22 беттен 10-ші бет
---	---	--	------------------------

- 2) залалдың артуы сақтандырылған қызметтің сақтандыру жағдайы басталуынан бұрынғы күймен салыстырғанда кеңеюіне немесе жаңауына байланысты орын алған болса;
- 3) сотта іс жүргізуге, меншіктеу, мүлікке иелік жүргізу, жалдау немесе жалға алу және т.б. қатынастарын айқындауға байланысты қайта қалпына келтіруді және қайта жаңартуды кешіктіру орын алған болса;
- 4) Сақтанушы зақымданған мүлікті уақытылы қалпына келтіре (ауыстыра) алмаған немесе ақша қаражаттарының болмауынан немесе жетіспеуінен сақтандырылған қызметті қалпына келтіру бойынша барлық қажет шараларды уақытылы қолдана алмаған;
- 5) мүлікті қалпына келтіру немесе сақтандырылған қызметті қайта жаңарту мемлекеттік билік органдары Сақтанушының қайта қалпына келтіру жұмыстарына немесе кәсіпкерлік немесе коммерциялық емес жұмыстарына қатысты қандай да бір шектеулер қоюына байланысты кешіктірілуде;
- 6) өндірістегі үзілістен келген зиян мүліктің материалдық залалмен зақымданбаған белгін пайдалану мүліктің қалған бөліктерінің зақымдануы, жойылуы немесе жоғалуы нәтижесінде мүмкін болмайды.

6.9. Сақтандыру сомасы Сақтанушының сақтандырылған жатқан мүліктік мұдделерінің сақтандыру құнынан аспайды. Сақтандыру құны – Сақтандырылған қызметтегі үзілістен келетін, Сақтанушы ол залалдарды ағымдағы шығындар мен пайданың деректеріне, Сақтанушының соңғы үш жылдағы пайдалар мен залалдар туралы есебінен және өзге қаржылық есептілігінен, және Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде басталған сақтандырылған қызметі толығымен тоқтаған кезде 12 ай ішінде шығару мүмкін болған шығындарға қарай құтуі мүмкін максималды ықтимал залалдардың мөлшеріне қарай, Тараптардың келісімімен белгіленеді.

6.10. Сақтанушының үзіліс тәуекелін сақтандыру болжалданған коммерциялық және (немесе коммерциялық емес қызметі туралы деректері болмаған кезде өткен жыл үшін сақтандыру құны ұқсас обьектілер бойынша қолда бар ақпараттардың негізінде белгіленеді. Сақтандыру құны сақтандырылған қызмет пен ықтимал инфляцияның шеңберінде Сақтанушының өндірісінің (көрсетіп жатқан қызметінің) көлемін ықтимал арттыруды ескере отырып белгіленеді.

6.11. Өндірістегі үзілістен келетін залалдар, сондай залалдардың бүкіл кезеңі ішінде, бірақ үзіліске әкеп соқтырған материалдық залал туындаған күннен бастап 12 айдан (жауапкершіліктің максималды кезеңі) аспайтын мерзімде өтеледі. Жауапкершіліктің максималды кезеңі 6, 9 және 12 ай мерзімге белгіленуі мүмкін.

6.12. Сақтанушы сақтандыру қызметіне қатыстырылған соңғы үш жылдағы мүліктің баланстары мен инвентарлық тізімін (ведомосын) оларды бірдеу жоюды болдырмайтын түрде сақтауға міндетті.

6.13. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау – өрескел аңғалдыққа теңеледі және осы Ереженің шарттарымен көзделген салдарға әкеп соқтырады.

6.14. Сақтандыру төлемдерінің сомасын есептеу Сақтанушының бухгалтерлік есебінің деректерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сақтанушы бухгалтерлік есепті жүргізуге және Сақтандырушының талабы бойынша барлық бухгалтерлік кітаптарды немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін қажет басқа құжаттарды ұсынуға міндетті. Сонымен қатар, Сақтанушы негізгі қорлардың баланстары мен инвентарлық тізімдерін (ведомостарын) соңғы үш жылға оларды бір уақытта жоюды болдырмайтын түрде сақтауға міндетті. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді Сақтанушының орындауы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқық береді.

6.15. Қызметте үзіліс болуға әкеп соқтырған оқиғалар басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері келесілердің негізінде айқындалады:

- 1) қызметте үзіліс кезеңінде Сақтанушының сақтандырылған шаруашылық қызметін жалғастыру бойынша ағымдағы шығындар шамасы;
- 2) Сақтанушы бір жылға тең қызметіндегі үзілістен бұрынғы есептік кезең үшін өзінің сақтандырылған шаруашылық қызметінен алған орташа айлық пайда.

6.16. Өтелуі тиіс ағымдағы шығыстардың шамасы төменде көрсетілген шарттарға қарай айқындалады:

- 1) егер Сақтанушының қызметі сақтандыру жағдайымен тоқтатылмаған болған жағдайда оның шаруашылық қызметінің барысына және нәтижелеріне әсер етуі мүмкін болған барлық факторлар есепке алынуы тиіс;

2) егер Сақтанушы заң немесе шарттық қатынастар бойынша сондай шығыстарды жұмсауға міндettі немесе егер олар тоқтатылған шаруашылық қызметті қайта жаңарту үшін қажет болған жағдайда ана сақтандыру төлемі төленеді;

3) Сақтанушыға тиесілі ғимараттарға, жабдықтарға және басқа негізгі құралдарға амортизациялық аударымдар бойынша сақтандыру төлемі – егер ондай аударымдар сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданбаған құралдарға немесе олардың зақымданбай қалған бөліктеріне жүзеге асырылады.

6.17. Ағымдағы шығындардың өтеу бөлігінде келесілер өтелуі тиіс:

1) жалақы – іркіліс уақыты үшін (жеделдік үшін үстемеақыларды, сыйлықақыларды және басқа қосымша төлемдерді есепке алмағанда) қызметтегі үзілістен бұрынғы есептік кезеңде төленетін жалақы қорынан төлемдер мөлшерінде;

2) Сақтанушы өзінің шаруашылық қызметінде пайдаланатын өндірістік және әкімшілік алаңдарды, жабдықтарды және басқа мүлікті жалға алу үшін төлемдер (оның ішінде лизинглік төлемдер), егер жалға алу, лизингі шарттарының және соған ұқсас шарттардың талаптары бойынша Сақтанушы ол төлемдерді олардың зақымдану (жойылу) фактіне қарамастан, төлемдерді аударуды кешіктіргені үшін өсімақыларды (айыппұлдарды) есепке алмай, іркіліс уақыты үшін төлемдер сомасында төлеуге міндettі.

3) осы Сақтанушы үшін белгіленген нормалар бойынша амортизациялық аударымдар – іркіліс уақыты үшін аударылуы тиіс мөлшерде (материалдық залал келген қорларға қатысты ғана);

4) егер қаражаттар қызметінде үзіліс болудың нәтижесінде үзіліп қалған шаруашылық қызметте кредиттер, уақытша қарыз және басқалай мақсаттық кредиттер ретінде тартылған болса – пайыздарды аударуды кешіктіргені үшін өсімақыларды (айыппұлдарды) есепке алмай, іркіліс уақыты үшін сақтандыру төлемі туралы өтініш берген күні Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен аспайтын қаражаттарды тартқаны үшін пайыздар мөлшерінде.

6.18. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін есептелеңтін пайданы жоғалту шамасы қызметтегі үзілістен бұрынғы есептік кезең ішінде Сақтанушы пайда алмаса, Сақтандырушы қызметтегі үзіліске байланысты пайданы жоғалтудан келетін залалдарды өтеген жағдайға қарай белгіленеді.

6.19. Алмаған пайданы өтеу бөлігінде келесілер өтелуге жатады:

1) өндірістік кәсіпорындарда – өнімді шығаруды тоқтатудың немесе қысқартудың нәтижесінде жоғалтқан, өндірісте орын алған үзілістен бұрынғы 12 ай үшін шығарылым бағасы мен көлемінде;

2) қызмет көрсету саласындағы кәсіпорында – көрсетіліп жатқан қызметтерді тоқтатуды немесе қысқартудың нәтижесінде жоғалтқан, қызмет құнының мөлшерінде белгіленетін, іркіліс уақытында айналымның әдеттегі шарттарында көрсетілуі мүмкін болған өнімнің құны мөлшерінде есептелеңтін пайда;

3) сауда кәсіпорындарында – тауарларды сатудың тоқтатылуы немесе қысқартылуы нәтижесінде жоғалтқан, салық салынғанға дейін сауда айналымынан түсетін пайда мөлшерінде есептелеңтін, саудадағы үстеме бағаны және үзілістен бұрынғы 12 айдағы сату көлемін есепке ала отырып, іркіліс уақытында әдеттегі шарттарда алынуы мүмкін болған пайда.

6.20. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде егер шаруашылық қызмет материалдық залалдың туындауы салдарынан тоқтатылмаған болғанда, сақтандырылған шаруашылық қызметтің барысына және нәтижелеріне әсер етуі мүмкін барлық факторларды есепке алынуы тиіс.

6.21. Сақтандырылған қызметті жалғастыру бойынша ағымдағы шығындар, егер Сақтанушы заң бойынша немесе шарт бойынша сондай шығындарды жұмсауды жалғастыруға міндettі болған жағдайда ғана немесе егер оларды жүзеге асыру тоқтап қалған сақтандырылған қызметті қайта жаңарту үшін қажет болған жағдайда ғана өтелуі тиіс.

6.22. Сақтанушының иелігіндегі ғимараттарға, жабдықтарға және басқа негізгі қорларға амортизациялық аударымдар бойынша өтемақылар, егер ондай аударымдар зақымданбаған негізгі қорларға немесе олардың зақымданбай қалған бөлігіне жасалған жағдайда төленеді.

## 7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

7.1. Осы Ереженің шарттары бойынша төменде көрсетілгендердің нәтижесінде туындаған оқиғалар сақтандыру жағдайы болып саналмайды және сақтандыру төлемдерін төлеуді талап етпейді:

- 1) Сақтанушының Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігінің, жайлар мен құнды заттарды күзетудің, сақтаудың, жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің талаптарын немесе басқа ұқсас нормаларды орындамауы, ондай орындамаулар Сақтанушының келісімімен жүзеге асырылған;
- 2) Сақтанушы сақтандырылған қызметті жүзеге асыруына байланысты коммерциялық құпияны немесе басқа құпия ақпаратты жариялауы немесе өз пайдасына пайдалануы (Сақтанушының жұмыскерлері өз пайдаларына пайдалануы);
- 3) тауарларды, оның ішінде сапа сертификатын талап ететін тауарларды кіргізуге, шығаруға немесе транзит жасауға қатысты халықаралық актілердің, ережелердің, нұсқаулықтардың және т.б. қабылдануы;
- 4) Сақтандырушымен келісілген мерзім ішінде сақтандыру тәуекелінің дәрежесін арттыратын мән-жайларды Сақтанушының жоймауы;
- 5) сақтандырылған қызметте пайдаланылатын мүліктің өздігінен жануы, ашуы, шіруі немесе басқа да табиғи үдерістерді орын алуы;
- 6) Сақтандыру келісімшартында көрсетілмеген қызметте жүзеге асыру;
- 7) Сақтанушының ар-ұжданына, қадір-қасиетіне және іскери абыройына кері әсер ететін нақты немесе ықтимал жала жабу немесе басқа да мәліметтерді тарату;
- 8) Сақтанушының контрагенттің алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы немесе лайықты орындамауы;
- 9) Сақтанушы мен контрагент арасында жасалған Келісімшартты жарамсыз деп тану;
- 10) дебитордың елінен немесе төлем жасалатын елден ақша аударымдарын жасауға тыйым салу немесе шектеу, мараторий енгізу, валюта айырбасталмаса;
- 11) екі жақты үкіметтік және көп жақты халықаралық келісімдерге сәйкес берешекті жою немесе берешекті өтеудің мерзімдерін басқа уақытқа көшіру;
- 12) импорттық (экспорттық) лицензияны жою, импортқа (экспортқа) эмбарго енгізу;
- 13) қажетті құжаттарды (тауарға ілеспе құжат, тауарлы шығаруға немесе жеткізуге рұқсатнама, лицензия және т.б.) бермеу;
- 14) Сақтанушының контрагенті келісімшарт (өзарашарт) бойынша міндеттемелерін қасақана орындамауы;
- 15) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жасалған қасақана әрекеттері;
- 16) Сақтанушының, Сақтандырылушкиның және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болған қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.

## 7.2. Сақтандырумен келесілер өтелмейді:

- 1) сақтандыру жағдайына байланысты істі жүргізуге және оны кез келген уәкілетті органдарда дәлелдеуге кеткен шығындар (мемлекеттік баждар, көшірмелерін жасауға жұмсалған шығындар, нотариустың қуәландыруы, бағалау/сараптама, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметіне төлемақылар және т.б.);
- 2) моральдық зиян;
- 3) жоғалтқан олжа;
- 4) мүліктің тауарлық түрін жоғалтуы;
- 5) бағам айырмашылығы;
- 6) Сақтанушының контрагенті тұрақсыздық төлемді өтеуі;
- 7) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін туындаған, бірақ ол басталғаннан кейін анықталған залалдар;
- 8) Сақтандыру келісімшартында қарастырылған көлемнен және сомадан асып кеткен залалдар;
- 9) Сақтанушының сақтандырылған қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданысы жойылған, кері қайтарып алынған немесе уақытша тоқтатылған кезеңде келген залалдар.

## 7.3. Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде туындаған залалдар сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

- 1) кез келген әскери қымылдар, іс-шаралар, оқу жаттығулары (олар жариялаған ба, жоқ па, оған қарамастан) және солардың салдары, азаматтық соғыс, қарулы құрылымдардың немесе террористердің әрекеттері, халық толқуы және ереуілдер, саботаж актілері;
- 2) ядролық жарылыстың, атом қуатын кез келген пайдалануға байланысты радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың тікелей немесе жанама түрдегі әсері;

3) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша алып қою, тәркілеу, реквизициялау, мемлекет меншігіне алу, тыйым салу немесе жою;

4) сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, террорлық акциялар және саяси себептермен құқыққа қарсы әрекеттер, егер.

7.4. Сақтандырушы төменде көрсетілген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының сақтандыру объекті, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы Сақтандырушыға әдейі жалған ақпараттар беруі;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

3) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде немесе сақтандыру жағдайынан келген залалдың мөлшерін айқындауда Сақтанушының Сақтандырушыға кедергі жасауы;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген тәртіпте және мерзімде хабарламау;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғага талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы;

6) заңнамалық актілермен көзделген өзге жағдайлар.

7.5. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушки) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

## 8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

8.1. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының кассасына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннен кейінгі күнгі сағ. 00:00-ден бастап күшіне енеді.

8.2. Тараптарың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі Сақтандырушы мен Сақтанушының арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

8.3. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі төленген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасында Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяғына дейін күшін сақтап қалады.

8.4. Егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда орын алған және өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шүғыл түрде Сақтандырушыға хабарлайды.

8.5. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе тәуекелдің артуына тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

8.6. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру төлемін төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл орайда Сақтандырушы жұмысашан шығындарды және сақтандыру қолданылған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегеріп, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушыға қайтарады.

8.7. Сақтанушы көзделген міндеттерін орындаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген залалдарды өтеуді талап етуге, ал егер сақтандыру жағдайы басталса – сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

8.8. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдаят жойылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ <b>ВИКТОРИЯ</b> страховая компания	Өзге қаржылық залалдардан еркіті сақтандыру ережесі	13.03.2024 жылғы редакция <b>13.03.2025 жылғы редакция</b>	22 беттен 14-ші бет
--	---	---	------------------------

8.9. Сақтандыру аумағы – Сақтандыру шартында көрсетілген елдердің аумағы немесе географиялық шектері. Сақтандыру қызметіндегі үзілістен келетін залалдар тәуекелі – егер сақтандырылған қызмет Сақтандыру шартында көрсетілген аумақта (сақтандыру аумағында) жүргізіліп жатса ғана сақтандырылған болып саналады.

## 9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

9.1. Сақтандыру шарты Тараптардың Сақтандыру шартын жазбаша түрде рәсімдеуі және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) беруі арқылы жасалады.

9.2. Сақтандыру шарты сақтанушыны сақтандырушы біржакты тәртіpte өзірлеген осы Ережеге қосу және сақтандырушының сақтанушыға электронды түрде сақтандыру полисін жасауы арқылы жасалады. Сақтандыру полисі Сақтанушының қағаз/электрондық нысанда толтырылған өтінішінің негізінде рәсімделуі мүмкін.

9.3. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы белгілеген формада толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылmas бөлігі болып саналатын жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайының басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін өзіне белгілі болған маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

9.4. Сақтандыру шарты интернет-ресурс арқылы (онлайн) жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын интернет-ресурсы арқылы жасауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

9.5. Сақтанушы өзі берген деректердің шынайылығы үшін жауапты болады. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы тәуекел дәрежесінің артуына соқтыратын әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес. Тараптардың келісімімен Сақтанушы өтінішті толтырмай-ақ Сақтандыру шарты жасалуы мүмкін.

9.6. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы залалдары нәтижесінде сақтандырылуы тиіс Сақтанушының қаржылық-шаруашылық қызметімен, танысуға құқылы. Қажет жағдайда сақтандыру объектінің жазбаша сипаттамасы рәсімделеді.

9.7. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтанушы Сақтандырушыға тәуекел дәрежесін бағалау үшін едәуір маңызы болуы мүмкін құжаттарды ұсынады, оның ішінде:

1) сол өзарашартқа қатысты Сақтанушының контрагенттері өзарашарт бойынша өз міндеттемелерін бұзу тәуекелі сақтандырылуы қажет өзарашарттың көшірмесі (егер болса);

2) заңды тұлғаның құқығын білдіретін құжаттар (жарғы, статистикалық карта, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және т.с.с.);

3) Сақтанушының қаржылық жағдайын көрсететін құжаттар (баланс, жылдық есеп және т.б.).

9.8. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Сақтандырушы Сақтанушыға себептерін түсіндірмей, Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

9.9. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру полисінің бланкісін өзірлеуге және дубликатты рәсімдеуге кететін шығындарды сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,5 мөлшерінен аспауы тиіс.

9.10. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмауы үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан Сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

## 10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру келісімшартында келісілген төлемді төлейді.

10.2. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, залалдың мөлшерін Сақтандырушы жүргізген тексерудің және сақтандыру жағдайы басталған сәттегі сақтандыру сомасын есепке ала отырып жасаған калькуляцияның негізінде анықтайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуі талап етуге құқылы. Бұл орайда сараптама оның бастамашысы болған Тараптың есебінен жүргізіледі.

10.3. Сақтандыру төлемі Сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және Сақтандырушы немесе оның уәкілетті тұлғасы түзген актінің (қорытындының) негізінде төленеді.

10.4. Сақтандыру келісімшартында қарастырылған сақтандыру төлемі, егер залалдар Сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзімі ішінде, сақтандыру аумағында туындаған және сақтандыру жағдайымен танылатын тәуекелмен себеп-салдарлық түрғыдан байланысты болса, төленеді.

10.5. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан залал үшін өтемақы алған болса, Сақтандырушы сақтандырудың шарттары бойынша төленуі тиіс сома мен үшінші тұлғалардан алынған соманың арасындағы айырмашылық мөлшерінде жауапты болады.

10.6. Сақтандыру келісімшарты бойынша төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспайды. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен төленеді.

10.7. Қаржылық залалдарды сақтандыру келісімшартының шарттарында сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі сомасының көлемінде табиғи формадағы залалдың өтемақысымен ауыстыру да қарастырылуы мүмкін.

10.8. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

10.9. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

10.10. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

10.11. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және Сақтанушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

10.12. Сақтандырушы төменде көрсетілген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуді кейінге қалдыруға құқылы:

1) егер сақтандыру жағдайы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар қылмыстық іс қозғаған болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы мәселені тергеу нәтижелері туралы тергеу немесе сот органдарының құжатын алғанға және олар соңғы процессуалдық шешім шығарғанға дейін кейінге қалдырады және ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

2) аталған оқиға бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған болса, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды құшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде төленеді.

10.13. Егер заңмен белгіленген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушы сақтандыру төлемін алу құқығынан айырмалатын жағдай анықталса, Сақтанушы алған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтаруға міндеті.

10.14. Егер сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болған немесе жасалған болса, ол іс-қимыл сәтсіз орындалғанынан қарамай, ол шығындарды Сақтандырушы өтеуі тиіс. Бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру келісімшартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Аталған шығындарды Сақтандырушы – шығын келген тұлғаның өзіне өтейді.

10.15. Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлеміне келесілер енгізілуі мүмкін:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінің мән-жайлары мен дәрежесін алдын ала анықтау бойынша тиімді шығындар;

2) сақтандыру жағдайы бойынша сот органдарында істі жүргізу бойынша шығындар.

## 11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫң ЭРЕКЕТТЕРІ

11.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтанушиның міндеттері:

- 1) қалыптасқан жағдайда ықтимал залалдардың алдын алу және оларды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде мұлікті құтқару және сақтап қалу бойынша шараларды қолдануға;
- 2) жедел түрде, бірақ 3 күннен кешіктірмей (демалыс және мереке күндерін санамай) ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлау, егер Сақтанушиның белгіленген мерзімде дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау мүмкіндігі болмаған болса, оны құжатпен растауы тиіс;
- 3) Сақтанушиның қаржылық залалдарының туындауына себеп болуы мүмкін оқиғаны тергеу қай органның (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі, апат қызметі, төтенше жағдайлар бойынша агенттік және басқа құзырлы органдар) құзыретіне жатса, оның басталғаны туралы сол құзырлы мемлекеттік органдарға шұғыл хабарлау. Уәкілетті мемлекеттік органдардың және басқа құзырлы органдардың оқиғаны құжатпен рәсімдеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ одан кейінгі әрекеттерін Сақтандырушымен келісуге;
- 4) Сақтандырушының жазбаша келісімін алмағанша қалпына келтіру әрекеттерін жүзеге асырмау. Зақымданған мұлікті Сақтандырушының өкілі тексергенге дейін мүлік жойылған сэтте болған халде сақтауға (егер ол қауіпсіздік мүддесіне қайшы келмесе немесе залалдың артуына әкеп соқтырмаса);
- 5) Сақтандырушының өкіліне тексеруге, залалдың себептері мен мөлшерін зерттеу, залалды азайту бойынша іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беру;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жасалған, сонымен қатар залалды азайту мақсатындағы әрекеттерді санамағанда, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысты Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамау, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамау, қандай да бір ұсыныстарды мойындарда азайту бойынша қабылдамау, төлемдер жасамау және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеу;
- 7) залалдың туындау жағдайларын көрсетіп, сақтандыру жағдайы басталғаны туралы белгіленген формада жазбаша өтініш, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептерін және залалдың мөлшерін анықтау үшін қажет сақтандыруши талап еткен барлық құжаттарды беру.
- 8) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға көмектесуге, оның ішінде сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы зерделеуге болатын барлық қол жетімді ақпараттар мен құжаттарды Сақтандырушыға беруге;
- 9) сақтандыру жағдайының нәтижесінде келген залалдың қандай да бір өтемақысын үшінші тұлғалардан алғаны туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде жазбаша хабарлауға;
- 10) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты әрі Сақтандырушының, әрі Сақтанушиның мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындау қажет деп тапқан жағдайда – аталған мүдделерді қорғау үшін Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе басқа қажет құжаттарды беруге. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушы сотта Сақтанушиның мүддесін білдіруге немесе басқаша бұр түрде Сақтанушины құқықтық тұрғыдан қорғауды жүзеге асыруға құқылы;
- 11) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан келген залалдарды дәлелдеу, оның ішінде сараптама жүргізу үшін ақы төлеу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және кеңес беру, қажет құжаттарды жинау және т.с.с. міндетін өзіне алуға;
- 12) Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және келген залал үшін жауапты үшінші тұлғаға Сақтандырушыға өткен кері талап қою құқығын оның жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 13) дауды сот арқылы реттеу кезінде Сақтандырушының сот шешімі шыққанға дейін өзінің талаптарын білдірмеген үшінші тұлға ретінде іске қатысу құқығына кедергі жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушыны өзінің талаптарын білдірмеген үшінші тұлға ретінде сот ісіне тарту туралы сот алдында қолдау білдіруге;
- 14) Сақтандыруда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да әрекеттерді жасауға.

## 12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

12.1. Сақтандыру төлемін төлеуді талап еткен кезде Сақтанушы құжаттармен растауға міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу фактін;
- 2) залалдың мөлшерін.

12.2. Егер Сақтандыру келісімшартында басқа шарттар қарастырылмаған болса, Сақтандыру акті Сақтанушы ұсынатын келесі құжаттардың негізінде бекітіледі:

- 1) Сақтандыру келісімшарты;
- 2) сақтандыру төлемін төлеу туралы өтініш;
- 3) сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты құжаттар (мұнда мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, сот шешімдері, залал сомасының негіздемесі, анықтамалар, шоттар және т.б. болуы мүмкін);
- 4) Сақтанушының Контрагенттерге жазбаша талаптары, Сақтандыру келісімшартында қарастырылған сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар қоса беріледі;
- 5) тәуелсіз сараптама комиссиясы (ұйымы) түзген, сақтандыру жағдайының басталғанын, оның себептерін және залалдың мөлшерін растайтын акт;
- 6) келген залал үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушының кері талабын білдіру үшін қажет құжаттар;
- 7) Сақтанушы салық төлеушіні тіркеу туралы куәлік (көшірмесі);
- 8) банктік деректемелерін көрсетіп қаражаттарды аудару туралы өтініш;
- 9) егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық істі жүргізген органдар (бұдан эрі - органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан іс қозғау туралы, іс қозғаудан бас тарту туралы, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға немесе Органдарға өзі дербес тиісті саяулар жіберуге құқылы.

12.3. Сақтандыру келісімшартының шарттарымен сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттардың бірі ретінде Сақтандыру келісімшартында қарастырылған сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушыға келген залалды Контрагенттің өтеуін міндеттейтін занды қүшіне енген сот шешімінің болуы да қарастырылуы мүмкін.

12.4. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ол ұсынған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған қун көрсетілген анықтама беруге міндетті.

12.5. Сақтанушы осы Ережеде қарастырылған құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күннен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

12.6. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттардың тізімін қысқартуға немесе нақты жағдаяттарды ескере отырып, сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкін болмаса, осы Ережеде баяндалған (Сақтандырушының үәкілетті органы бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vic.kz сайтында жарияланған) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

## 13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13.1. Сақтанушы келесілерге құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру келісімшартының шарттары мен қолданыс тәртібін түсіндіруді талап ету;
- 2) Сақтандыру келісімшартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алу;
- 3) Сақтандырушымен келісе отырып, Сақтандыру келісімшартын өзгерту;
- 4) осы Ереже мен Сақтандыру келісімшартында белгіленген мөлшерде, тәртіpte және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;
- 5) Сақтандыру келісімшартын бұзу;
- 6) сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өз мүдделерін білдіруге өкілдік беру.

13.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру келісімшартын жасау кезінде өзіне белгілі болған сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі маңызы бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлау;
- 2) сақтандыру нысандарына қатысты басқа жасалған немесе жасалатын Сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлау;
- 3) Сақтандырушының Сақтандыру келісімшартын жасау және Сақтандыру келісімшартының бүкіл қолданыс мерзімі ішінде сүйемелдеуге байланысты іс-шараларды жүргізуіне қажетті жағдайлар жасау;
- 4) Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру нысаны туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушыға ұсыну;
- 5) Сақтандыру келісімшартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу;
- 6) Сақтандыру келісімшартының қолданыс кезеңінде тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық едәуір өзгерістер туралы, оның ішінде өзінің қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру шарттарының өзгеруін қоса, Сақтандырушыға уақытылы хабарлау;
- 7) Сақтандырушының сұрауы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтерді хабарлау;
- 8) сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғага талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету;
- 9) белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтау.

Сақтанушы осы тармакта көрсетілген талаптарды орындаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылышы.

13.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

#### 13.4. Сақтандырушы құқылышы:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу ықтималын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді алу, егер ол мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаған және белгілі болмауы тиіс болған болса (едәуір мәліметтер өтініште белгіленеді);
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалау, кейіннен акт жасау және оған міндетті түрде Сақтанушының қол қоюы;
- 3) Сақтандыру келісімшартын жасаудан бас тарту;
- 4) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сақтандыру нысанының сипаттамасына сәйкестігін тексеру, сондай-ақ Сақтанушыдан Сақтандыру келісімшартының талаптары мен шарттарын орындауды талап ету;
- 5) Сақтандыру келісімшартының шарттарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын алу;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы туралы уақытылы ақпарат алу;
- 7) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар алу;
- 8) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтау;
- 9) қажет жағдайда құзырлы органдарға сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпарат беру туралы сауал жіберу;
- 10) сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлға кері талап қою;
- 11) сақтандыру жағдайы туралы акт жасауға қатысу және оған қол қою;
- 12) Сақтанушының кінәсі туралы фактіге және кінәсінің дәрежесіне байланысты құзырлы органдардан мәліметтер сұрау;
- 13) Сақтанушы Келісімшарттың міндеттемелерін орындаған немесе лайықты орындаған кезде Сақтандыру келісімшартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 14) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы белгілі болған жағдайда Сақтандыру келісімшартының шарттарын өзгертуді немесе артқан сақтандыру тәуекеліне тең қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету. Сақтанушы оған қарсы болған жағдайда Сақтандыру келісімшарты Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы бұзылуы мүмкін;
- 15) «Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының алакол іс-қимылдары анықталған кезде, сақтанушыға сақтандыру төлемін уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберу арқылы, сақтандыру төлемін уақытша тоқтатқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей тиісті

тексеріс жүргізетіні жайында көрсетіп, 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге сақтандыру төлемін төлеуді үақытша тоқтатуға.

#### 13.5. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыру;
- 2) Сақтанушының қаржылық залалдарының тәуекелін сақтандыруға қабылдаған жағдайда онымен Сақтандыру келісімшартын жасау;
- 3) сақтандыру жағдайы туралы хабар алғаннан және Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғанын раставайтын толық құжаттар топтамасын бергеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру актін жасау және оны бекіту;
- 4) қажет жағдайларда сақтандыру актін жасау кезінде залалдардың себептері мен көлемін айқындау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыру;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Сақтандырушыға сақтандыру актін бекіткен күннен бастап 30 (отыз) банктік күннен кешіктірмей төлеу;
- 6) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін Сақтанушы жұмсаған шығындарды оған өтеу;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 8) Сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) өзге ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде, «Сақтандыру қызметі туралы Заңың 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды корғау туралы заңнамасына сай дербес деректерді жинауды және өндөуді жүзеге асыру кезінде дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге».

13.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

### **14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

14.1. Сақтандыру келісімшарты келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Келісімшарттың әрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының мөлшерінде төлеген кезде;
- 3) Сақтанушы Келісімшарттың шарттарын өзгертуге және/немесе сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге келіспеген кезде.
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

14.2. Сақтандыру келісімшарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған міндеттемелерін тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру нысанының қолданылуы тоқтаған кезде;
- 2) егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған кезде;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған және сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтаған кезде;
- 4) Сақтандырушыны мәжбүрлі түрде тарату туралы сот шешімі заңды қүшіне енген кезде;
- 5) үәкілетті органның сақтандырушыны еркіті тарату туралы рұқсат бергені туралы шешімі қүшіне енген жағдайда.

14.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сэттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады, ол жөнінде мүдделі Тарап екінші Тарапқа шұғыл түрде хабарлайды.

14.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру келісімшартының шарттарын орындауының салдарынан Сақтандыру келісімшартын Сақтандырушының талабы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде – төленіп қойған сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру журналары) қайтарылмайды.

14.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру келісімшартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде Сақтандырушы:

- 1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуд;

2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мезгілге сақтандыру сыйлықақысының бөлігінің етелуіне құқылы.

14.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ондай бас тарту 14.2-тармақта көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

14.7. Сақтанушы - жеке тұлға Сақтандыру келісімшартынан бас тартқан кезде Сақтандыру келісімшартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мезгілге сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) 10 (Он) пайызынан аспайтын мөлшердегі сақтандыру келісімшартын бұзуга байланысты шығындарды шегеріп, сақтанушы - жеке тұлғаға алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндепті.

14.8. Сақтанушы - жеке тұлға ол (қарыз алушы) қарыз келісімшарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндептемелерін орындау себебімен қарыз келісімшартына байланысты Сақтандыру келісімшартынан бас тартқан кезде Сақтандыру келісімшартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мезгілге сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) 10 (Он) пайызынан аспайтын мөлшердегі сақтандыру келісімшартын бұзуга байланысты шығындарды шегеріп, сақтанушы - жеке тұлғаға алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндепті.

14.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімімен мерзімінен бұрын тоқтатылып жатса, онда сақтанушы осы Ереженің 14.5-тармағының талаптарын ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының бөлігін төменде көрсетілген мөлшерлерде қайтарып алуға құқылы:

<b>Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан сәтке дейін откен мерзім</b>	<b>Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-мен)</b>
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

14.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартудың себептерін көрсетіп, сақтандыру шартын бұзудың болжалданған күннен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын сақтандырушыға хабарлау арқылы, Сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы,

14.11. Егер Сақтандыру шарты жаңа мерзімге Шарт жасау арқылы мерзімінен бұрын тоқтатылатын болса, Сақтандырушы өзінен кеткен шығыстарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының қалдығын жаңа Сақтандыру келісімшарты бойынша сыйлықақының есебіне есептеуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Шарт бойынша сома қалдығын шегереп отырып төлейді.

14.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайши келмейтін сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары қарастырылуы мүмкін.

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ <b>ВИКТОРИЯ</b> страховая компания	Өзге қаржылық залалдардан еркіті сақтандыру ережесі	13.03.2024 жылғы редакция <b>13.03.2025 жылғы редакция</b>	22 беттен 21-ші бет
--	---	---	------------------------

14.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың барлық жағдайында сақтанушы әрекеті сақтандышының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату және/немесе сақтандышы (сақтандырылуши) заңнамамен және осы Ережемен көзделген өз міндеттерін орындаған кезде сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша өтініші келіп түсken сәтten бастап сақтандырушыға Сақтандыру шартын (полисті) қайтаруға міндетті.

## 15. КЕРІ ТАЛАП ҚҰҚЫҒЫ

15.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алғанға дейін өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

15.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап білдіру үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

15.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға басқа талаптарды шегінуге құқылы.

## 16. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

16.1. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылып жатқан сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық Сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

16.2. Жауапкершілікті екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған Келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

16.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

## 17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

17.1. Осы Ережеде реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

17.2. Сақтандыру келісімшартын іске асыру барысында туындаитын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижесіз болса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

## 18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18.1. Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәтten бастап күшіне енеді.

18.2. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;

 <b>САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ</b> <b>ВИКТОРИЯ</b> <b>страховая компания</b>	Өзге қаржылық залалдардан ерікті сақтандыру ережесі  <b>13.03.2024 жылғы редакция</b> <b>13.03.2025 жылғы редакция</b>	22 беттен 22-ші бет
---	---	------------------------

- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгертуken кезде;  
 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуken кезде.

18.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбegen болса, осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесінің міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

18.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекітken, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vic.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.

2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.

3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өндөреүне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісім бергенін:

а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;

б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылуши, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылуши (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;

г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

18.5. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

18.6. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндөреүне Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісімін, оның ішінде Ереженің 18.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті

18.7. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндөреүне Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісімін, оның ішінде Ереженің 18.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінң болмағаны үшін жауапты болады.

18.8. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет күжаттарды беруге міндеттенеді.